1.2 Осы Кепілдік шартында, егер мазмұны бойынша тікелей өзгеше көзделмесе:

1) жекеше түрде қолданылған сөздер мазмұнына қарай көпше мағынада да түсінілуі мүмкін, және керісінше;

2) кез келген нақты Бағаны, тармақты немесе Қосымшаны көрсету осы Кепілдік шартының тиісті бабы, тармағы немесе Қосымшасына сілтеме жасау болып табылады;

3) шартқа жасалған кез келген сілтеме мұндай шартқа енгізілген кез келген толықтыруды, өзгерісті, құқықтарды (талаптарды) беруді, борышты аударуды, жаңа редакцияны немесе қайта күшіне енгізуді қамтиды және осындай өзгерістердің кез келген уақытта енгізілгенін ескере отырып, сол шартқа жасалған сілтеме ретінде түсіндіріледі;

4) тақырыптар мен мазмұндық кесте тек қана ыңғайлы болу үшін келтірілген және осы Кепілдік шартының түсіндірілуіне әсер етпейді;

5) «келісілген нысандағы» құжатқа жасалған кез келген сілтеме мұндай құжаттың нысаны осы Шарт бойынша Тараптармен келісілгенін және Тараптар арасында осындай келісімнің растамасы бар екенін білдіреді;

6) заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің қандай да бір нормасына жасалған кез келген сілтеме оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып жасалған сілтеме болып табылады;

7) «тұлғаға» жасалған кез келген сілтеме жеке тұлғаны да, заңды тұлғаны да, фирманы, компанияны, акционерлік қоғамды, үкіметті, мемлекетті немесе мемлекеттік мекемені, сондай-ақ кез келген бірлестікті, қауымдастықты немесе серіктестікті (заңды тұлға құрылғанына қарамастан) қамтиды және мұндай «тұлғаға» жасалған сілтеме аталған тұлғаның құқықтық мирасқорларын және рұқсат етілген цессионарийлерін де білдіреді;

8) «қоса алғанда» және «қоса алғандағы» деген сөздерден кейін «шектеусіз» деген сөз тіркесі айтылмаған жағдайда да, ол сөз тіркесі айтылған деп есептеледі.

## 2Шарттың Мәні

2.1Осы Кепілдік шарты бойынша Кепілгер Қор алдындағы Грант алушының төменде көрсетілген міндеттемелерін (**«Қамтылған міндеттемелер»**) орындауы үшін толық көлемде ортақ (солидарлық) жауапкершілікті өз мойнына алады:

2.1.1ҒҒТҚН коммерцияландыру шартының 3.6.5-тармағында белгіленген Грант алушының ақшалай міндеттемелері, атап айтқанда:

1) Қоса қаржыландыру сомаларын ҒҒТҚН коммерцияландыру шартының Қосымша 1-інде көзделген мерзімдерде және мөлшерлерде Қоса қаржыландыру шотына аудару;

2) Жоба аяқталған күнге қарай Грант алушының Жобаны іске асырудан түсірген жиынтық кіріс көлемін Гранттың жалпы сомасының кемінде [пайызды көрсетіңіз] % ([пайызды жазбаша көрсетіңіз] пайыз) мөлшерінде қамтамасыз ету;

3) Гранттың бірінші траншын аударғанға дейін Қоса қаржыландырудың жалпы сомасының 50% (елу пайызы) мөлшерін Қоса қаржыландыру шотына аудару және көрсетілген Қоса қаржыландыру сомаларының түскенін растайтын Қоса қаржыландыру шотын жүргізетін банктен анықтама ұсыну;

4) Жобаның әрбір кезеңі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қорға Гранттың игерілмеген сомасын (болған жағдайда) қайтару;

5) Қор талап қойған күннен бастап 10 (он) күн ішінде ҒҒТҚН коммерцияландыру шартына сәйкес пайдаланылмаған Грант қаражатын Қорға қайтару.

6) Грант алушының ҒҒТҚН коммерцияландыру шартының 8-бабына және/немесе заңнамаға сәйкес Грант алушының шарттық міндеттемелерді орындамауына және/немесе тиісінше орындамауына байланысты Қор есептейтін айыппұлдар, өсімпұлдар және санкциялар бойынша міндеттемелері.

## 3Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1Кепілгер Қор алдында Грант алушымен бірге Қамтылған міндеттемелерді Грант алушы сияқты көлемде орындау үшін ортақ (солидарлық) жауапкершілікті өзіне алуға міндеттенеді.

3.2Кепілгер осы Кепілдік шартының 2.1-тармағында көрсетілген міндеттемелерді Қордан тиісті талапты алған күннен бастап бес (5) жұмыс күні ішінде орындауға міндеттенеді.

3.3Кепілгердің жауапкершілігінің туындау негізі Грант алушының Қамтылған міндеттемелердің кез келгенін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы болып табылады.

3.4Осы Кепілдік шарты бойынша Кепілгердің міндеттемелерін орындау мақсатында Қор Кепілгердің кез келген мүлкіне өндіріп алу шараларын қолдануға құқылы.

3.5Кепілгердің жауапкершілігінің ұлғаюына немесе Кепілгер үшін өзге де қолайсыз салдарға әкеп соғатын осы Шартқа енгізілетін барлық түзетулер мен өзгерістер тек Кепілгердің жазбаша келісімімен ғана жасалады.

## 4КЕПІЛДІКТІҢ МЕРЗІМДЕРІ

4.1Кепілдік келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) Грант алушы және/немесе Кепілгер Қамтылған міндеттемелердің барлықтарын толық орындаған күні;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда.

4.2Осы Кепілдік шарты бойынша кепілдік беру үшін төлем көзделмейді.

## 5ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1Кепілдік шарты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндіріледі және реттеледі.

5.2Кепілгер осы Шартқа қол қою кезінде құқық қабілеттілігінде/әрекет қабілеттілігінде шектеулер жоқ екенін, адастыру, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, қасақана келісім немесе ауыр мән-жайлар әсерінен емес екенін, осы Кепілдік шартының мазмұны, шарттары, оны орындау тәртібі және оның жасалуының құқықтық салдары оған түсіндірілгенін және түсінікті екенін, және бұл Шартқа Қордың, Грант алушының немесе үшінші тұлғалардың қандай да бір қысымынсыз қол қойғанын растайды, сондай-ақ қол қойылып отырған Кепілдік шартының мәнін түсінетінін және оның шарттары Кепілгер үшін кіріптарлық сипатта емес екенін мәлімдейдійды.

5.3Осы Кепілдік шартынан туындайтын даулар мен талаптар Тараптармен келіссөздер арқылы шешіледі.

5.4Келіссөздер арқылы келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Астана қаласының құзыретті сотында сот тәртібімен шешіледі.

## 6ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1Осы Кепілдік шарты оған бірінші жолда көрсетілген күні қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Грант алушы және/немесе Кепілгер Қамтылған міндеттемелердің барлықтарын толық орындағанға дейін қолданылады.

6.2Осы Кепілдік шартын біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға, сондай-ақ оны біржақты тәртіппен өзгертуге және/немесе толықтыруға жол берілмейді.

6.3Тараптардың ешқайсысы осы Кепілдік шарты бойынша өз міндеттемелерін екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

6.4Кепілдік шарты 2 (екі) данада жасалды, әр Тарап үшін бір данадан.

## 7ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, РЕКВИЗИТТЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛ ҚОЮЛАРЫ

| | |
|---|---|
| **Қор**<br>«Ғылым қоры» акционерлік қоғамы<br>Мекенжайы: Астана қ., Тәуелсіздік даңғ, 41-үй, 4-қабат<br>БСН 061140001887<br>ЖСК ___________________________ | **Кепілгер**<br>Атауы / Т.А.Ә.:<br>Заңды мекенжайы / Тұрғылықты мекенжайы: |

| | |
|---|---|
| Кбе 16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БИК HSBKKZKX | БСН/ЖСН: |
| | ЖСК: |
| Басқарма Төрағасы | БИК: |
| | [лауазымы, қолданылса] |
| Қолы: _______________ | Қолы: _______________ |
| Аты-жөні | Аты-жөні |

күні:

# ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН коммерцияландыру жобасын іске асыру жөніндегі бірлескен қызмет туралы № ____ шарт

Астана қ. «___»________20___ж.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын іске асыру жөніндегі бірлескен қызмет туралы осы шарт (бұдан әрі – Шарт) келесілер арасында жасасты:

(iii) [құжатты көрсетіңіз] негізінде әрекет ететін [ Лауазымды және толық аты-жөнін көрсетіңіз] [атауын көрсетіңіз], бұдан әрі **«Өтініш беруші»** деп аталатын, бір тараптан,

(iv) [құжатты көрсетіңіз] негізінде әрекет ететін [ Лауазымды және толық аты-жөнін көрсетіңіз] [атауын көрсетіңіз], бұдан әрі **«Грант алушы»** деп аталатын, екінші тараптан,

және

(v) [құжатты көрсетіңіз] негізінде әрекет ететін [ Лауазымды және толық аты-жөнін көрсетіңіз] [атауын көрсетіңіз], бұдан әрі **«Қоса қаржыландыратын ұйым»** деп аталатын[1], үшінші тараптан, және

(vi) [құжатты көрсетіңіз] негізінде әрекет ететін [ Лауазымды және толық аты-жөнін көрсетіңіз] [атауын көрсетіңіз], бұдан әрі **«Авторлық құқық иесі»** деп аталады[2],

(vii) бұдан әрі ұжымдық түрде **«Тараптар»** келесідей уағдаласты:

## 8ШАРТ МӘНІ

8.1Шартқа сәйкес тараптар Шартта белгіленген талаптарда [жобаның атауы мен қысқаша сипаттамасын көрсету] (бұдан әрі – «**Жоба**») бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми – техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын іске асыру үшін бірлескен қызмет туралы уағдаласты.

8.2Тараптардың әрқайсысы жобаның егжей-тегжейімен, конкурстық құжаттаманың шарттарымен және Грант алушы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға конкурс шеңберінде беретін конкурстық өтініммен танысады және KPI жетістігін қоса алғанда, жобаны табысты іске асыру үшін күш-жігер жұмсайды және шартта айқындалған өз үлесін қамтамасыз етеді [көрсету конкурстық өтініммен белгіленген көрсеткіштер], оның шеңберінде:

8.2.1Қоса қаржыландырушы ұйым грант алушының арнайы банктік шотына жобаны гранттық қаржыландырудың жалпы сомасынан [соманы көрсету] (соманы жазбаша көрсету]) теңге мөлшерінде қоса қаржыландырудың ақшалай қаражатын аударуға міндеттенеді, бұл жобаны гранттық қаржыландырудың жалпы сомасынан[пайызды көрсету] % ([пайызды жазбаша көрсету] пайызды) құрайды. Осы тармақта көрсетілген қоса қаржыландырудың ақшалай қаражаты бөліктермен аударылады:

---

[1]Бір немесе бірнеше қоса қаржыландыратын ұйымдар Жобаны қаржыландыруға қатысқан жағдайда шартқа тараптар ретінде қосылады.

[2]Тендерлік өтінімде көрсетілген зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды Грант алушыға үшінші тұлға берген жағдайда шартқа қосылады.

1) [сомасын көрсетіңіз] [соманы сөзбен көрсетіңіз] теңгеден [мерзімін белгілеңіз];

2) [сомасын көрсетіңіз] [соманы сөзбен көрсетіңіз] теңгеден [мерзімін белгілеңіз][3].

8.2.2Қоса қаржыландырушы ұйым Грант алушыға 1-қосымшадағы ерекшеліктерге сәйкес Жобаны іске асыру үшін материалдық-техникалық базаны Жобаны іске асыру мерзімі ішінде уақытша пайдалануға өтеусіз беруге міндеттенеді. Алайда, Грант алушыға берілген материалдық-техникалық базаны Жобаны іске асырушы Грант алушының мақсатынан басқа ешкім пайдалана алмайды;

8.2.3Өтінім беруші Грант алушыға кешенді ұйымдастырушылық және консультациялық қолдау, Жобаны іске асыру барысында Грант алушыға әдістемелік қолдау, Грант алушыға клиенттер мен инвесторларды іздеуде, сондай-ақ жоба өнімдерін нарыққа ілгерлетуге көмек көрсетеді;

8.2.4Грант алушы Шартқа қол қойылған күні оның авторлық құқық иесі болып табылатынын және 2-қосымшадағы спецификацияда көзделген зияткерлік меншік объектілеріне барлық құқықтарға ие екенін растайды.[4]Өтініш беруші/Авторлық құқық иесі[5]2-қосымшадағы спецификацияда көрсетілген зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды Грант алушыға беруге міндеттенеді [*мерзімін белгілеңіз*].[6]

8.2.5Тараптар конкурстық құжаттамамен танысқанын және «Ғылым қоры» АҚ атына өзінің құқықтылығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары, авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулер туралы анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы хабардар етілгенін растайды.[7]

## 9Пайданы бөлу

9.1Шарт бойынша бірлескен қызметтен алынған табысты бөлу Тараптар арасында пайданы күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде келесі үлестермен алғаннан кейін жүргізіледі: [*Пайданы бөлу үлестерін көрсетіңіз*].

## 10Дауды шешу

10.1Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

10.2Осы Шартты іске асыру барысында қандай да бір даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер арқылы шешу үшін барлық негізделген шараларды қабылдайды. Келіссөздер нәтижесінде дау шешілмесе, дау Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жіберіледі.

10.3Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## 11ШАрттың ҚОЛДАНУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН БҰЗЫЛУ ШАРТТАРЫ

11.1Осы Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

---

[3]Мерзімдері конкурстық өтінімде белгіленген шарттарға сәйкес белгіленеді.

[4]1.2.4-тармақтың осы нұсқасы конкурстық өтінімде мәлімделген зияткерлік меншік объектілері Грант алушыға тиесілі болған жағдайда Шартқа қосылуға жатады.

[5]Екінің бірін көрсетіңіз: Өтініш беруші немесе Авторлық құқық иесі

[6]1.2.4-тармақтың осы нұсқасы тендерлік өтінімде мәлімделген зияткерлік меншік объектілері Өтінім берушіге немесе үшінші тұлғаға – Авторлық құқық иеленушісіне тиесілі болған жағдайда, Шартқа қосылады.

[7]1-бапта және одан әрі шартта көрсетілген тармақтардан басқа, тараптар шартқа олардың бірлескен қызметін реттейтін басқа да ережелерді енгізе алады.

11.2Осы Шарт ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы шарттың барлық әрекет ету мерзімі ішінде қолданылады.

## 5 Тараптардың Реквезиттері мен қолдары

***ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ РАСТАЙ ОТЫРЫП, ТАРАПТАР,*** өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ете отырып, қол қойылған күні олардың атынан осы Шартқа қол қоюға бастамашылық етті.

***ӨТІНІШ БЕРУШІ:***
Заңды тұлғаның атауы
Заңды мекенжайы:
Нақты мекенжайы:
БСН
ЖСН
БСК
Лауазымы
Қолы: _____________ Толық аты-жөні

***ГРАНТ АЛУШЫ:***
Заңды тұлғаның атауы
Заңды мекенжайы:
Нақты мекенжайы:
БСН
ЖСН
БСК
Лауазымы
Қолы: _____________ Толық аты-жөні

***ҚОСА ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН ҰЙЫМ:***

Заңды тұлғаның атауы
Заңды мекенжайы:
Нақты мекенжайы:
БСН
ЖСН
БСК
Лауазымы
Қолы: _____________ Толық аты-жөні

*Қосымша №6*
*«2026–2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерцияландырудың ең перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурс құжаттамасына»*

*Қосымша №1*
*Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын іске асыру бойынша бірлескен қызмет туралы № ____ шартқа*
*202_ жылғы _______________*

**Жобаны жүзеге асыру үшін қарастырылған материалдық-техникалық ресурстар**

(объектінің сипаттамасы, техникалық-экономикалық шарттар және басқа да мәліметтер, оның ішінде мүліктің құрамы, техникалық жай-күйі, қызмет ету мерзімі, объектінің, технология мен технологиялық жабдықтың есептік бастапқы, қалдық және ауыстыру құны туралы мәліметтер)

| Жоқ. | Материалдық-техникалық база объектісі (техникалық сипаттамалары және басқа да мәліметтері бар) | Мүліктің (объектінің) меншік иесі | Құқықтық құжаттардың атауы | Орналасқан жері (мекен-жайы) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | *Өндірістік үй-жайлар* | | | |
| 2 | *Кеңсе кеңістігі* | | | |
| 3 | *Өндірістік жабдықтар* | | | |
| 4 | *т.б.* | | | |
| … | | | | |

***ӨТІНІШ БЕРУШІ:***
Заңды тұлғаның атауы
Заңды мекенжайы:
Нақты мекенжайы:
БСН
ЖСН
БСК
Лауазымы
Қолы: _____________ Толық аты-жөні

***ГРАНТ АЛУШЫ:***
Заңды тұлғаның атауы
Заңды мекенжайы:
Нақты мекенжайы:
БСН
ЖСН
БСК
Лауазымы
Қолы: _____________ Толық аты-жөні

***ҚОСА ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН ҰЙЫМ:***

Заңды тұлғаның атауы
Заңды мекенжайы:
Нақты мекенжайы:
БСН
ЖСН
БСК
Лауазымы
Қолы: _____________ Толық аты-жөні

*Қосымша №5*
*«2026–2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерцияландырудың басым жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурс құжаттамасына»*

*Қосымша №2*
*Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын іске асыру бойынша бірлескен қызмет туралы № ____ шартқа*
*202_ жылғы _______________*

Зияткерлік меншік объектілері
(объектілердің (объектілердің) сипаттамасы, техникалық-экономикалық спецификация және басқа да мәліметтер, оның ішінде мүліктің құрамы туралы мәліметтер, құқықтарды тіркеу туралы мәліметтер және т.б. *көрсетіңіз*)

| | |
|---|---|
| ***ӨТІНІШ БЕРУШІ:*** | ***ГРАНТ АЛУШЫ:*** |
| Заңды тұлғаның атауы | Заңды тұлғаның атауы |
| Заңды мекенжайы: | Заңды мекенжайы: |
| Нақты мекенжайы: | Нақты мекенжайы: |
| БСН | БСН |
| ЖСН | ЖСН |
| БСК | БСК |
| Лауазымы | Лауазымы |
| Қолы: _____________ Толық аты-жөні | Қолы: _____________ Толық аты-жөні |

***ҚОСА ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН ҰЙЫМ:***

Заңды тұлғаның атауы
Заңды мекенжайы:
Нақты мекенжайы:
БСН
ЖСН
БСК
Лауазымы
Қолы: _____________ Толық аты-жөні

# Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы шарт

Астана қ. «___» _______ 202__ ж.

Осы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы шарт *[күні көрсетілсін]* келесілер арасында жасалды (бұдан әрі – Шарт):

(i) бұдан әрі «Қор» деп аталатын «Ғылым қоры» акционерлік қоғамы атынан [*лауазымын, аты-жөнін белгілеңіз*] [*құжатты белгілеңіз*] негізінде әрекет ететін бір тараптан,

(ii) бұдан әрі «Өтінім беруші» деп аталатын *[атауын белгілеңіз]/[аты-жөнін белгілеңіз]* атынан *[лауазымын, аты-жөнін белгілеңіз] [құжатты белгілеңіз*] негізінде әрекет ететін, екінші тараптан

(iii) бұдан әрі «Грант алушы» деп аталатын *[атауын белгілеңіз]/[аты-жөнін белгілеңіз]* атынан *[құжатты белгілеңіз]* негізінде әрекет ететін, үшінші тараптан бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, ал жекеше «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталып, келесі құжаттарды ескере отырып:

I. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңын;

II. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563 бұйрығымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын;

III. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру» басым бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің 20__ жылғы «__» _______ № __ шешіміне сәйкес [*жобаның нөмірін және тақырыбын белгілеңіз*] жобасы бойынша (бұдан әрі – Жоба) Өтінім беруші жеңімпаз деп танылды;

IV. Осы шарт 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасына, 106 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру» ішкі бағдарламасына, 159 «Басқа да қызметтер мен жұмыстарды төлеу» ерекшелігіне сәйкес, осы Шартта көрсетілген талаптар мен шарттарға сай жасалады.

V. Өтінім беруші (Конкурс жеңімпазы) және Грант алушы осы арқылы Конкурстық құжаттамамен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын талду туралы акт (БҚНПТ) және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – ҒҒТҚН) коммерцияландыруды қаржыландыру тәртібін

реттейтін, science-fund.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен таныс екенін растайды.

Тараптар осы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы шартты төменде берілген шарттарға сәйкес жасасты.

## 1 ҰҒЫМДАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕР

1.1 Осы Шартта бас әріппен жазылған терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

1.1.1 «Аннотациялық есеп» - Қормен келісілген, Жоба бойынша есептік кезең ішінде орындалған жұмыс туралы қысқаша мәліметтерді қамтитын есепті білдіреді;

1.1.2 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама» - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын білдіреді;

1.1.3 «БҚНПТ» - бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын талдау;

1.1.4 «Бірінші транш» - Жобаның әрбір кезеңі шеңберінде берілетін бірінші траншты білдіреді;

1.1.5 «Екінші транш» - Жобаның әрбір кезеңі шеңберінде берілетін екінші траншты білдіреді;

1.1.6 «Үшінші транш» - Жобаның әрбір кезеңі шеңберінде берілетін үшінші траншты білдіреді;

1.1.7 «Шарттың бұзылу күні» - [12.2., 13.2., 17.2.] тармақтарға сәйкес Шарттың колданудың тоқтатылу күні;

1.1.8 «Жобаның аяқталу күні» - Жобаның аяқталуы жөнінде ҰҒК-ің шешімі шыққан күн;

1.1.9 «Шарт» - Осы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы Шарт;

1.1.10 «Ақпараттық міндеттемелер» - 3.6.2 тармақшасында белгіленген мағынаны білдіреді;

1.1.11 «Аралық және қорытынды есептер» - Грант алушының барлық Жобаны іске асырудың нәтижесі бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №630 бұйрығымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларына №10 қосымшасымен бекітілген үлгіге сәйкес «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-на тапсырылатын есеп;

1.1.12 «Конкурс» - *[күні көрсетілсін]* жарияланған конкурс хабарламасына сәйкес, *[вебсайт көрсетілсін]* веб-сайтында Қор жариялаған ҒҒТҚН коммерцияландыруға грант беру конкурсын білдіреді;

1.1.13 «Конкурстық құжаттар» - *[күні көрсетілсін]* Қордың шешімімен бекітілген және Қордың веб-сайтында келесі сілтеме бойынша орналастырылған құжаттаманы білдіреді: *[сілтемені көрсетіңіз]*;

1.1.14 «Конкурстық өтінім» - Өтінім берушінің конкурсқа қатысу үшін тапсырған құжаттар жиынтығы;

1.1.15 «ҚҚС» - қосылған құн салығы;

1.1.16 «Гранттық қаражаттың игерілмеген сомасы» - Жобаны іске асыру кезінде белгілі бір кезеңде Қормен бөлінген траншттың қандай да игерілмеген бір бөлігі;

1.1.17 «ҰМҒТСО» - «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ;

1.1.18 «ҰМҒТСО мониторингі» - ҰМҒТСО-ң ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасының іске асырылуын олардың орындалу әрі аяқталу және оның қорытындыларын ұлттық ғылыми кеңестерге жіберу кезеңдерінде мониторингті жүзеге асыруы;

1.1.19 «Жобаны іске асыру жөніндегі есеп» - №4 қосымшасында берілген үлгіге сәйкес жасалатын Жобаны іске асыру жөніндегі есеп;

1.1.20 «Есептілік» – бұл аралық есепті, қорытынды есепті және Жобаны іске асыру туралы есепті және олардың әрқайсысын жеке-жеке білдіреді;

1.1.21 «Постгранттық мониторингінің кезеңі» - Жобаны іске асырудың күнтізбелік жоспары аяқталған күннен бастап Ұлттық ғылыми кеңес Жобаны аяқтау туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі үш жыл өткенге дейінгі кезеңді білдіреді;

1.1.22 «Постгранттық мониторинг» - №4 қосымшасында берілген үлгіге сәйкес жасалған Грант алушының Қорға тапсырған есептері бойынша Жобаның тиімділігін бағалауы;

1.1.23 «Жоба» - №1 қосымшада көрсетілген тақырыбы, мақсаттары және басқа да параметрлері белгіленген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасы;

1.1.24 «Аралық есеп» - Жобаның ағымдағы нәтижелерін, іске асырылудағы шаралардың гранттық қаражатты игерілуінің, жоспарланған мақсаттардың орындалуын көрсететін Жобаны іске асыру кезінде немесе қаржылық кезеңнің ішінде әзірленетін есеп

1.1.25 «Рұқсат етілген шоттар» - №1 қосымшада деректемелері белгіленген қоса қаржыландыру шоты және эскроу-шоты;

1.1.26 «Есептік кезең» - Жобаны іске асырудың әрбір күнтізбелік жылы шеңберінде қатар келген әрбір төрт айлық кезеңді білдіреді;

1.1.27 ҒҒТҚН - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері;

1.1.28 «Шығыстар сметасы» - Тараптар арасында №3 қосымшада келісілген, Жобаны іске асыру үшін рұқсат етілген және қажет шығыстар сметасы:

1.1.29 «Қоса қаржыландыру шоты» - деректері №1 қосымшада берілген Грант алушының қоса қаржыландыру сомаларын орналастыруға арналған есептік шоты;
1.1.30 «Қоса қаржыландыру» - Грант алушының Конкурстық құжаттамада және Шартта белгіленген талаптарға сәйкес Жобаны қаржыландыруды қамтамасыз ету міндеттемелері;
1.1.31 «Маңызды сот дауы» көрсетілгендердің кез-келгенін білдіреді:
1) Жобаны іске асыруға байланысты Грант алушының жауапкершілігі гранттық соманың 1%-нан артық болатын сот талқылауы немесе өзара байланысты сот талқылаулары;
2) Қордың шешімі бойынша Жобаны іске асыру жұмыстарын едәуір күрделендіретін Өтінім беруші (Конкурс жеңімпазы) немесе Грант алушы және/немесе Грант алушымен тартылған басқа да тұлғалардың құрылтайшыларына және/немесе нақты (түпкілікті) бенефициарға қатысты қозғалған кез-келген әкімшілік, азаматтық, қылмыстық қараулар (талқылаулар) (кез-келген кезеңдегі тергеу немесе сот процессі).
1.1.32 «Уәкілетті орган» / «Бюджеттік бағдарламаларды басқарушы» - Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылым комитеті» ММ;
1.1.33 «Эскроу шоты» - Грант алушы Қормен келісілген талаптарды орындаусыз шығыс операцияларды іске асыруға шектеуі бар Қазақстан республикасының екінші деңгейдегі банктерінде Грант алушының атына ашылатын ағымдағы шот;
1.1.34 «Жобаның кезеңі» - ағымдағы жылдың 1 қаңтарында басталып 31 желтоқсанда аяқталатын кезең немесе күнтізбелік жоспармен (№2 қосымша) бекітілген мерзім.
1.2 Осы Шарт мәтінінде қолданылатын басқа да айрықша терминдар мен қысқартулар, жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және Қордың ішкі нормативтік құжаттарында, Конкурстық құжаттамада және Қордың ішкі нормативті құжаттарында айқындалған мағынада қолданылады.
1.3 Шартта, егер мәтінмәнде нақты басқаша көрсетілмесе:
1.3.1 Мәтінмәнге сәйкес бірлік саны қолданылған сөздер көптік мағынаны білдіруі мүмкін және керісінше;
1.3.2 Қандай да бір нақты бапқа, тармақшаға немесе қосымшаға жасалған сілтеме осы Шарттың нақты бапқа, тармақшаға немесе қосымшаға жасалған сілтемені білдіреді;
1.3.3 Шартқа жасалған кез-келген сілтеме кез-келген толықтыруларды, өзгертулерді, құқықтарды (талап ету құқығын) беру, қарызды аударуды, жаңа редакциясын немесе бұл шартты қайтадан қолданысқа енгізуді қарастырады және осы Шартқа кез-келген кезеңде енгізілген барлық өзгертулерді ескеретін сілтеме ретінде қарастырылады;

1.3.4 Атаулар және мазмұндама тек қана сілтемелердің қолайлығы үшін қолданылды және осы Шартты түсіндіруге еш әсер етпейді;
1.3.5 «Келісілген қалыптағы» құжатқа жасалған кез-келген сілтеме бұл құжаттың осы Шарт бойынша Тараптармен келісілгенін және Тараптар арасында бұл келісу процесінің дәлелдемесі бар екенін айқындайды;
1.3.6 Заңның немесе нормативті құқықтық актінің ережесіне берілген кез-келген сілтеме осындай ережелерге енгізілген барлық толықтырулармен өзгертулерді қарастырады;
1.3.7 кез-келген «тұлғаға» жасалған сілтеме тұлғаны (жеке немесе заңды тұлға), мекемені, акционерлік қоғамды, үкіметті, мемлекетті немесе мемлекеттік мекемені сонымен қатар ассоциацияны, бірлескен ұйымды, шаруашылық серіктестікті (заңды тұлғаны ұйымдастырумын оны ұйымдастырусыз) қарастырады және кез келген «тұлғаға» жасалған сілтеме осы тұлғаның құқық мирасқорын және рұқсат етілген цессионерлерді қамтиды;
1.3.8 «қоса алғанда» және «қоса алатын» сөздері «шектеуі» жоқ толықтырылған сөз тіркестері болып есептеледі, бұл сөз тіркесі олардан кейін қолданылмаса да.

## 2 ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1 Қор Грант алушыға Жобаны іске асыру үшін ҒҒТҚН коммерцияландыруға Шартта берілген талаптарға сәйкес №1 қосымшасында белгіленген сомасында өтеусіз негізде Грант қаражатын бөледі.
2.2 Грант мақсатты болып табылады және Грант алушыға №1 қосымшасында белгіленген мақсаттарға беріледі.
2.3 Жобаны іске асыру мерзімі №1 қосымшада белгіленген мерзіммен айқындалады.

## 3 ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Қордың құқығы:
3.1.1 Конкурс Жеңімпазынан және/немесе Грант алушыдан Жобаға қатысты кез келген кезеңінде оған қатысты кез келген құжаттар мен ақпаратты сұратуға;
3.1.2 Шартпен көзделген есептерді Грант алушыдан талап етуге, есептерге ескертпелерін беруге және Грант алушыдан осы ескертпелерді түзетуді талап етуге;
3.1.3 Грант алушыдан немесе Өтінім берушіден алынған ақпаратты және құжаттарды заңнамаға және Шарттың ережелеріне қайшы келтірмей пайдалануға;
3.1.4 Жобаны іске асыру кезінде іс-шараларды іске асыруға қатысты және Грант алушы шығындарының Жобаның мақсаттарына сәйкестігіне байланысты БҚНПТ өткізуге;
3.1.5 БҚНПТ нәтижесі бойынша Шартқа толықтырулармен өзгертулерді енгізуге, оның ішінде гранттық соманы қайта бөлуді де қарастыратын толықтырулармен өзгертулерді енгізуге;

3.1.6 БҚНПТ нәтижесінде Шарт міндеттемелерінің орындалмауы немесе тиісті деңгейде орындалмауы анықталған жағдайда бұзушылықтарды жоюды талап етуге;
3.1.7 Грант алушының маңызды сот дауына тартылуына байланысты қаржыландыруды уақытша тоқтату. Бұл жағдайда гранттың келесі траншы маңызды сот дауының шеңберінде шығарылған сот актісі толықтай орындалғаннан кейін беріледі;
3.1. Грант алушының міндеттемелерін орындамауы және Шарт талаптарын орындамауы жағдайында осы Шарт шеңберінде бұрын аударылған барлық грант қаражаттарын белгіленген мерзімде қайтаруды талап етуге;
3.1.9 Жобаны іске асыруға байланысты Грант алушыда соттық, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және тағы басқа мүліктік даулары туындаған жағдайда Грант алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дауды толықтай шешкенге дейін (қарым-қатынасты реттегенге дейін) Қор қаражат бөлуді уақытша тоқтатуға құқықылы;
3.1.10 Грант алушы өз бастамасымен ЭШФ қайтарған жағдайда, Қор: 1) Бірінші бұзушылық кезінде Грант алушының өз қаражатынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде айыппұл төлеу шотын шығару, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 117-бабының 2-тармағына сәйкес, әрбір күндік салық міндеттемесін орындау кешігісі үшін, сәйкес салық кезеңінде алынған ЭШФ бойынша ҚҚС сомасы есепке алынған күннен бастап, бұл ЭШФ Қорға қайта ұсынылғанға дейін, сондай-ақ қайтарылған ЭШФ сомасының 0,1%-ы мөлшерінде айыппұл төлеу шотын шығару; 2) Қайталанған немесе одан да көп жағдайда Грант алушының ҚҚС есептеу және төлеу міндеттемелерін дұрыс орындамауына байланысты осы Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тарту арқылы бұзу;
3.1.11 Осы Шартта көрсетілген негіздер мен тәртіпке сәйкес Шартты тоқтату құқығы бар.
3.2. Қор:
1) осы Шарттың талаптарына, сондай-ақ осы Шарттың №1 қосымшасына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісі «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ-нің Қаржыландыру жоспарына сай сәйкес келетін Есептік кезеңдерде көзделген гранттың ақша қаражатын бөлуді жүзеге асыруға міндетті.
3.3 Өтінім беруші құқығы:
3.3.1 Жобаны іске асыруға байланысты Грант алушыдан және Қордан кез келген ақпаратты алуға.
3.4 Өтінім беруші міндеті:
3.4.1 [8]Конкурс нәтижелері жарияланған күннен бастап үш айдың ішінде Грант алушымен зияткерлік меншіктер объектілеріне құқықтарынан бас тарту жөнінде

[8] - егер де Грант алушы және Өтінім беруші бір тұлға болып келсе бұл тармақ қолданылмайды.

шарт жасасу арқылы немесе зияткерлік меншіктер объектілеріне құқықтарын уақытша тапсыру арқылы Грант алушыға Конкурстық өтінімде берілген зияткерлік меншіктер объектілеріне құқықтарын тапсыруға;
3.4.2 Грант алушының Жобаны іске асыруын, гранттық қаражаттың Жобаның күнтізбелік жоспарына және Шығыстар сметасына сәйкес жұмсалуын, есептердің мерзімдерінде тапсырылуын қадағалауға;
3.4.3 [9]Шартта берілген көлемге және мерзімдерге сәйкес Қоса қаржыландыру сомаларын қоса қаржыландыру шоттарына орналасуын қамтамасыз етуге.
3.4.4 Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін Бірлескен қызмет туралы Келісімді бұзбау.
3.5 Грант алушы құқығы:
3.5.1 Осы Шарттың тәртібі және талаптары бойынша грант қаражатын алуға;
3.5.2 ҒҒТҚН коммерцияландыру нәтижесінде алынған өнімдерге, енгізілген/әзірленген технологияның нәтижелеріне, пайдаға және басқа да кірістерге иелік етуге;
3.5.3 Қажет болған жағдайда, Жобаның бір кезеңі аясында Шартпен бекітілген шығын мақалалары арасында Шығындар сметасының жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерін қайта бөлу, Қорға міндетті алдын ала жазбаша хабарлау арқылы, Жобаны іске асыру мерзімі бойына төмендегі шығын шектеулерін сақтау шартымен:
1) Жобаны іске асыруға қатысатын жобалық топ мүшелерінің жалақы қоры үшін — грант сомасының 30%-дан аспайтын бөлігі, оның ішінде салықтар мен бюджеттік басқа да міндетті төлемдер есепке алынады;

2) Жобаны іске асыру үшін қажетті өндірістік алаңдарды, тұрғын емес ғимараттар мен жабдықтарды жалға алу үшін — грант сомасының 20%-дан аспайтын бөлігі;
3) Өнімді немесе қызметті нарыққа жылжыту шығындары үшін — грант сомасының кемінде 5%-ы.
3.6 Грант алушы міндеті:
3.6.1 №1 қосымшада белгіленген Жоба тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс;
3.6.2 келесі ақпаратты ұсыну қажет («Ақпараттық міндеттемелер»):
1) Қорға ағымдағы Жоба кезеңінің алғашқы алты айына арналған Аннотациялық есепті және ағымдағы кезеңнің жетінші айының бірінші күнінен бастап Аннотациялық есеп дайындалған күнге дейінгі кезеңге арналған есепті ұсыну;
2) Қордың атына Грант алушыға бұл туралы белгілі болған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Шартты орындау үшін кідіріс, кедергі немесе қиындық тудыруы мүмкін кез келген мән-жайлардың туындау қаупі және/немесе фактісі туралы;

[9] - Грант алушымен берілген Конкурстық өтінім қоса қаржыландыру қаражаты Өтінім берушіден болуды қарастыратын болса бұл тармақша ескеріледі.

3) Жобаға қатысты Грант алушының және/немесе Өтінім берушінің қоғамдық мәлімдемелері мен жарияланымдарының көшірмелерін Қорға сәйкес мәлімдеме немесе жарияланым жасалған күннен бастап үш күн ішінде ұсыну;
4) Қорға 6-бапта көрсетілген көлемде, тәртіпте және мерзімде есептілік ұсыну;
5) Қордың атына Жобаның әрбір кезеңі аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Грант алушының соңғы қолжетімді кезеңдегі өзекті қаржылық есептілігі.
6) Қордың атына Грант алушының өзекті қаржылық есептілігі, Қордың тиісті сұрау салуы жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде №1, №2 және №3 Қосымшаларда көзделген іс-шаралардың ағымдағы орындалуы туралы ақпаратты қоса алғанда, Жобаны іске асыруға қатысты қаржылық және өзге де құжаттар;
7) Грант алушыға бұл туралы белгілі болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Грант алушының Елеулі сот дауына нақты және / немесе әлеуетті тартылуы туралы;
8) Мониторинг жүргізу кезеңіне Жобаны іске асыруға қатысы бар қажетті құжаттарды ҰМҒТСО өкілдерінің талап етуі бойынша ҰМҒТСО мекенжайына ұсыну;
9) Қордың атына Грант алушыға осындай іс-шара туралы белгілі болған күннен бастап екі күннен кешіктірмей Жоба тақырыбы бойынша өткізілетін жоспарланатын кездесулер, баспасөз конференциялары және басқа да іс-шаралар туралы;
3.6.3 Жобаны **(«әкімшілік-ұйымдастырушылық міндеттемелер»)** тиісті түрде әкімшілендіру, ұйымдастыру және іске асыруды басқару, оның ішінде:
1) барлық іс-шараларды №1, №2 және №3 Қосымшаларда көзделген көлемде және мерзімдерде орындауға;
2) Шартта белгіленген Жобаны іске асыру тәртібін сақтауға;
3) Қордың тиісті хабарламасында көрсетілген мерзімдерде кез келген Есептілікке Қор ұсынған ескертулерді жоюға;
4) Жобаны іске асыру кезінде сатып алынатын жаңа, пайдаланылмаған тауарларды сатып алуды, сондай-ақ қызмет көрсетудің кепілдік мерзімі бар, тиісті сертификаттаумен (егер мұндай заңдарда талап етілсе), қауіпсіздікпен қамтамасыз етуді, сондай-ақ жабдықты сатып алумен, тасымалдаумен, пайдалану орнына жеткізумен және (немесе) жабдықты сатып алумен, тасымалдаумен, жеткізумен туындайтын қатерлерден қорғауды қамтамасыз етуді) орнату (қажет болған жағдайда-сақтандыру);
5) Жобаны іске асыру барысында грант қаражаты есебінен сатып алынған жабдықтардың, техниканың және басқа да тауарлардың кез келген зақымдануды болдырмайтын және нұсқаулықта немесе тауар паспортында көрсетілген сақтау шарттарына сәйкес келетін қоймалар мен үй-жайларда тиісті сақталуын қамтамасыз етуге;
6) Қорға БҚНПТ туралы хабарламаны Қор жіберген күннен бастап немесе Қор хабарламасында көрсетілген өзге де мерзімде БҚНПТ жүргізу үшін Жобаға

тартылған құжаттарға, жобаны іске асыру орнына және Грант алушының кез келген ресурстарына қолжетімділік беруге;
7) БҚНПТ барысында Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны анықталған жағдайда, Қордың талабы бойынша анықталған бұзушылықты 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе Қордың талабында көрсетілген өзге де мерзімде жоюға тиіс;
8) Мониторинг пен БҚНПТ жүргізуді және Жобаларды іске асыру рәсімдерін реттейтін ресми сайттарда орналастырылған Ғылым қорының, ҰМҒТСО-ң ішкі нормативтік құжаттарымен (қағидалар, басшылықтар, тәртіптер және т. б.) танысуға және оларды ұстануға;
9) осы Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған сәттен бастап осы Шартты, құжаттаманы, осы Шартпен және Жобамен байланысты барлық есептілікті кемінде 5 (бес) жыл сақтауға;
10) Жобаның іске асырылуын ол аяқталғаннан кейін 3 жыл бойы жалғастырылуын қамтамасыз етуге (гранттан кейінгі кезең);
11) ҰМҒТСО Мониторинг жүргізу мақсатында Грант алушының аумағына және (немесе) Жобаны іске асыру орнына ҰМҒТСО өкілдерінің кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
12) Қордың алдын ала жазбаша келісімінсіз Гранттың ақша қаражатына және(немесе) Жобаны іске асыру шеңберінде алынған мүлікке қандай да бір ауыртпалық салуға жол бермеуге;
13) Өз атауының, орналасқан жерінің, бірінші басшысының (не уәкілетті тұлғаның), өзінің деректемелерінің (телефон, электрондық пошта, банк деректемелері және т.б.) өзгергені туралы осындай өзгерістер туындаған күннен бастап үш күннен кешіктірмей Қорды жазбаша хабардар етуге;
14) Жобаны іске асыру үшін жалға алынған мүлікті үшінші тұлғаларға қосалқы жалға бермеуге.
3.6.4 ордың қолдауын көрсету және маркалау талаптарын сақтау **(«Таңбалау міндеттемелері»),** оның ішінде:
1) Гранттың ақша қаражаты есебінен сатып алынатын жабдықтарға және Жобаны іске асыру нәтижелерінде Қордың логотипін орналастыруға;
2) «Осы жоба «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ-нің ақша қаражаты есебінен қаржыландырылатын ҒҒТҚН коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды/жүзеге асырылуда» деген сөйлемді осы Шарт шеңберінде іске асырылатын Жобаға қатысты барлық бұқара мәлімдеулер мен жарияланымдарға (жазбаша, аудио және бейне материалдарды, электрондық жарияланымдарды және т. б. қоса алғанда) қосуға;
3) «Қазақстан ғылымының өнімі» және «Ғылым қоры» АҚ-мен қаржыландырылған» деген сөйлемді Жобаны іске асыру шеңберінде алынған түпкілікті өнімнің қаптамаларына (заттаңбаларына) жазуға.

3.6.5 Грант қаражатын есепке алу, жұмсау және қайтару бойынша мынадай талаптар мен міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету **(«Қаржылық міндеттемелер»):**

1) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ҚҚС төлеуші ретінде тіркелуге және ҚҚС төлеуші болуға;

2) Грант алушы осы Шарт негізінде алған ақша қаражаты мен мүлікке өзі иелік ететін және қолданатын басқа құралдар мен мүліктен бөлек есеп жүргізуге;

3) Қоса қаржыландыру сомаларын №1 Қосымшада көзделген мерзімдерде және мөлшерде Қоса қаржыландыру шотына аударуға;

4) Гранттың және Қоса қаржыландырудың ақшалай қаражатын тек қолма-қол ақшасыз нысанда және осы Шартта көрсетілген шоттардан ғана жұмсалуын қамтамасыз етуге;

5) Жобаны іске асырудың бүкіл мерзімі ішінде 3.5.3-тармақшада көрсетілген шығыстар лимиттерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) Жоба аяқталған күнге Гранттың жалпы сомасынан ([пайызды жазумен көрсетіңіз] пайызды) Грант алушының Жобаны іске асырудан түскен табыстарының жиынтық көлемін [пайызды көрсетіңіз] % - дан кем емес болуын қамтамасыз ету қажет;

7) Грант алушы грант сомасының бірінші траншын аударғанға дейін әрбір кезең бойынша екінші деңгейдегі банктен осы кезеңді қоса қаржыландыру сомасының кемінде 50% қоса қаржыландыру қаражатының болуын растайтын анықтама беруге;

8) Ғылым қоры мен Грант алушы арасында қол қойылатын орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісіне, Жобаның тиісті кезеңі аяқталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей дұрыс электрондық шот-фактуралар ұсынуға;

9) Жобаның әрбір кезеңі аяқталған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Игерілмеген грант сомасын (бар болған жағдайда) Қорға қайтаруға;

10) Гранттың Игерілмеген сомасы болған жағдайда, Жобаның әрбір кезеңіне қатысты Қордың атына Гранттың Игерілмеген сомасына « - » белгісі бар қосымша электрондық шот-фактура ұсынуға;

11) Қор тиісті талап жіберген күннен бастап 10 (он) күн ішінде осы Шартқа сәйкес жұмсалмаған Гранттың ақша қаражатын Қорға қайтаруға тиіс;

12) Грантты және/немесе Қоса қаржыландыруды және Грант және Қоса қаржыландыру есебінен сатып алынған мүлікті жобаны іске асыруға байланысы жоқ мақсаттарда пайдаланбауға;

13) Қордың жазбаша талап етуі бойынша осы Шарттың міндеттерін орындамаған және (немесе) талаптарын бұзған жағдайда, сондай-ақ осы Шарттың __-тармағына сәйкес Ғылым қоры Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда гранттың бұрын алынған ақша қаражатын белгіленген мерзімде Ғылым қорына толық көлемде қайтаруға.

## 4 ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

4.1 Жоба Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылуы тиіс.

4.2 Жоба шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кемінде үш балама коммерциялық ұсыныстарды сұрау жолымен жүзеге асырылады, бұл ретте осы ұсыныстарды ұсынған өнім берушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар болып табылмауға, сондай-ақ адал емес жеткізушілер тізіліміне кірмеуі тиіс.
4.3 Жобалық топ:
4.3.1 Жобалық топ кемінде үш және бес адамнан аспауы тиіс. Жоба жетекшісі Қазақстан Республикасының азаматы болуға міндетті.
4.3.2 Жобаны іске асырудың кез келген кезеңінде басшыны қоспағанда, жоба тобының мүшелерін ауыстыру Қордың жазбаша келісімімен рұқсат етіледі.
4.4 Жоба Жетекшісі:
4.4.1 Жоба жетекшісі Грант алушымен Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне толық жұмыс күніне жұмыс уақыты белгіленген режимімен жасалған еңбек шарты негізінде жұмыс істейді.
4.5 Жоба ҰҒК тиісті шешімі негізінде аяқталды деп есептеледі.

## 5 ГРАНТ БЕРУ ТӘРТІБІ

5.1 Грант транштармен беріледі:
5.1.1 Бірінші транш Грант алушы сұратқан мөлшерде, бірақ жобаның 1-кезеңін іске асыру үшін №1 қосымшада белгіленген грант сомасының 50% - нан аспайтын мөлшерде шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде аударылады, мына талаптарды сақтай отырып:
1) Қор ашық және қолданыстағы эскроу-шот туралы екінші деңгейдегі банктен берілген анықтаманы алған жағдайда (Жобаны іске асырудың бірінші жылындағы бірінші траншты аудару үшін ғана қолданылады);
2) Қор екінші деңгейдегі банктен №1 қосымшаға сәйкес бірінші кезеңдегі Қоса қаржыландыру сомасының кемінде 50% қоса қаржыландыру шотында бар екенін растайтын, Қорға оны ұсынған күнге дейін кемінде екі күн бұрын берілген анықтаманы алған жағдайда;
3) Уәкілетті орган Жобаны қаржыландыру үшін жеткілікті мөлшердегі сомманы Қордың атына аударған жағдайда;
4) Грант алушы Қордың атына Қор сұратқан көлемде (жобаның бірінші кезеңінде бірінші траншты ұсынуды қоспағанда) гранттың тиісінше игерілгенін растайтын қаржылық құжаттарды ұсынды; және
5) Жобаны қаржыландыру туралы ҰҒК шешімі алынған жағдайда;
5.1.2 Грант алушы сұратқан мөлшердегі екінші транш, бірақ жобаның тиісті кезеңін іске асыру үшін №1 қосымшада белгіленген грант сомасының 40% - нан аспайтын мөлшерде, Қор жобаның тиісті кезеңінің өткен кезеңінде орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің аралық актісіне қол қойған күннен бастап 10 (он) күн ішінде, келесі шарттардың әрқайсысы орындалған жағдайда аударылады:

1) Қорға ұсынған күнге дейін кемінде екі күн бұрын екінші деңгейдегі банктен берілген, №1 қосымшада көрсетілген тиісті кезеңді Қоса қаржыландыру сомасының қоса қаржыландыру шотында кемінде 50 (елу) пайызының болуын растайтын анықтаманы Қор алған жағдайда (5.1.1-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген Қоса қаржыландыру сомасына қосымша);
2) Грант алушы Қордың атына жоба кезеңінің орындалған бөлігіне қатысты дұрыс электрондық шот-фактура қойған жағдайда;
3) Грант алушы Қордың атына Жобаның ағымдағы кезеңінің алғашқы алты айы үшін Аннотациялық есеп берген жағдайда;
4) Грант алушы Қордың атына Қор сұратқан көлемде гранттың тиісінше игерілгенін растайтын қаржылық құжаттарды ұсынған жағдайда; және
5) Уәкілетті орган Жобаны қаржыландыру үшін жеткілікті мөлшердегі сомманы Қордың атына аударған жағдайда.
5.1.3 Үшінші транш Грант алушы сұратқан мөлшерде, бірақ жобаның тиісті кезеңі үшін №1 қосымшада белгіленген грант сомасының 10% - нан аспайтын мөлшерде, Қор жобаның тиісті кезеңінің барлық кезеңінде орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің аралық актісіне қол қойған күннен бастап 10 (он) күн ішінде, келесі шарттардың әрқайсысы орындалған жағдайда аударылады:
1) Грант алушы Қордың атына есеп берді;
2) Грант алушы Қордың атына жобаның ағымдағы кезеңінің жетінші айының бірінші күнінен бастап Аннотациялық есепті жасау күнінің алдындағы күнге дейінгі кезең үшін Аннотациялық есепті ұсынды;
3) Грант алушы Қордың атына Қор сұратқан көлемде Гранттың тиісінше игерілгенін растайтын қаржылық құжаттарды ұсынды; және
4) Уәкілетті орган Жобаны қаржыландыру үшін жеткілікті мөлшердегі сомманы Қордың атына аударған жағдайда.
Осы баптың мақсаттары үшін орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісіне, оның ішінде аралық актіге грант алушы №1 қосымшаның А секциясында бекітілген жобаны іске асыруға байланысты міндеттемелерді (мұндай міндеттемелердің мерзімі басталған кезде) орындаған кезде Қормен қол қойылады (ең төменгі көрсеткіштер).
5.2 Банктің барлық комиссиялары және Эскроу-шотты ашуға және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де шығыстар Грант алушының есебінен төленеді.
5.3 Егер жобаның кез келген кезеңі аяқталған күні Эскроу-шотта Гранттың Игерілмеген сомасы қалған жағдайда, онда мұндай Үнемделген сома гранттың Игерілмеген сомасы анықталған Жоба кезеңі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қорға қайтарылуы тиіс.
5.4 Егер Жобаны аяқтау күніне Эскроу-шотта Игерілмеген Грант сомасы болған жағдайда, онда мұндай игерілмеген Грант сомасы жоба аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қорға қайтарылады, бұл Эскроу-шотты ашу туралы Шарттың талаптарында көзделуі тиіс.

5.5 Гранттың ақша қаражаты осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын күнтізбелік жоспарда (№2 Қосымша) және шығыстар сметасында (№3 Қосымша) көзделген шығыстарды жабу мақсатында ғана пайдаланылады.
5.6 Қор осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмсалмаған Гранттың ақша қаражатын қайтару бойынша талап қою құқығын өзіне қалдырады.
5.7 Аралық және(немесе) қорытынды БҚНПТ жүргізу негізінде аралық есепті және(немесе) қорытынды есепті қарау қорытындылары бойынша Ғылым қоры қанағаттанарлық ретінде қабылданған, орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің есептері мен актілеріне қарамастан, Грант алушыға Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде игерілмеген және(немесе) осы Шартқа сай жұмсалмаған Гранттың ақша қаражатын қайтарып алу бойынша талап қоя алады.
5.8 Қор Грант алушыға тиісті хабарлама жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, Гранттың ақша қаражатын Үнемдеу кезінде әрбір кезең бойынша Үнемдеудің ақша сомасы, Қорға қайтарылуы тиіс.
5.9 Ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану және мүлікке ауыртпалық салу фактілері Жобаға БҚНПТ жүргізу негізінде анықталуы ықтимал және осы Шарт бойынша осыдан бұрын аударылған барлық грант қаражатын талап ету және айыппұл (өсімпұл) төлеуді талап ету үшін негіз болып табылады.

## 6 ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ НЫСАНЫ

6.1 Грант алушы осы Шарттың Күнтізбелік жоспарына сәйкес кезеңді аяқтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде аралық есепті және аралық БҚНПТ жүргізудің соңғы қорытындысы бойынша хабарлама хаттарын алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қорытынды есепті Қорға ұсынуға міндетті. Есептер осы Шарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жұмыстарды орындау фактісін растайтын барлық құжаттарды қоса берумен қағаз және электрондық жеткізгіште ұсынылады.
6.2 Есеп берудің, ресімдеудің және мазмұнына қойылатын талаптардың тәртібі, сондай-ақ есептерді қарау мерзімдері Ғылым қорының ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.
6.3 Ұсынылған есепті Қор қанағаттанарлықсыз деп таныса, бұл туралы хабарлама Грант алушыға аралық есепті алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей және қорытынды есепті алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.
6.4 Грант алушы хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды және Қорға түзетілген есепті және(немесе) сұратылған құжаттарды ұсынады.
6.5 Аралық және қорытынды есепті тексергеннен кейін Қор Грант алушыға танысу және қол қою үшін БҚНПТ актісін жібереді. Актімен келіспеген жағдайда, Грант алушы үш күн ішінде жазбаша ескертулерін дайындап, БҚНПТ актісін қол қоюға міндетті. Грант алушының Актіні қол қоюдан бас тартуы БҚНПТ нәтижелеріне әсер етпейді, ал Актіде көрсетілген ескертулерді Грант алушы Қор белгілеген мерзімде жоюға міндетті.

6.6 Грант алушы Жобаны іске асыру бойынша есепті Қорға келесі мерзімдерде ұсынуға міндеттенеді:

6.6.1 Шарт жасалған күннен бастап бес күн ішінде «Жобаны іске асырудың басындағы көрсеткіштер» бағаны толтырылған және Жобаны іске асырудың әр жылы мен оның аяқталғаннан кейінгі үш жылға арналған жоспарлы көрсеткіштері енгізілген есепті ұсыну;

6.6.2 Жобаны іске асыру мерзімі аяқталған күнге дейінгі кезеңде әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталған күннен кейін 10 (он) күннен кешіктірмей есепті ұсыну;

6.6.3 Жобаны аяқтау күнінен бастап 3 (үш) жыл бойында әрбір күнтізбелік жылының 10 қаңтары және 10 шілдесі дейін, бұрын берілген ұқсас есеппен салыстыра отырып есепті ұсыну;

6.7 Қор Жобаны іске асыру бойынша БҚНПТ Қордың сәйкес ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

## 7 ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

7.1 Тараптар мынадай ақпаратты құпия деп санауға келісті: осы Шартқа қатысты Тараптар арасындағы хат алмасу, шоттар, актілер, осы Шартқа және жобаға қатысты үшінші тұлғалар үшін арналмаған және(немесе) ашық қолжетімділікте болмайтын кез келген басқа құжаттама. Әрбір Тарап құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге, оны басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді. Қордың жалғыз акционеріне, Ғылым саласындағы уәкілетті органға, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне және басқа да мемлекеттік органдарға (оның ішінде Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлар палатасы мен оның құрылымдық бөлімшелеріне, мемлекеттік аудит, құқық қорғау, арнаулы және сот органдарына), Жоба бойынша ақпаратты жариялау қолданыстағы заңнаманың талаптарына немесе мемлекеттік тапсырыс пен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға арналған шарттардың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Құпиялылыққа қатысты осы бапта белгіленген міндеттемелер Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және Шарт тоқтатылған күннен бастап үш жыл бойы өз күшін сақтайды.

7.2 Қор Грант алушының Жобаға қатысты жарияланымдарын сыйақы төлемей-ақ көбейтуге немесе басқаша пайдалануға құқылы.

7.3 Қор Грант алушының келісімінсіз Грант алушы ұсынған есептер мен ақпараттар негізінде Жобаның іске асырылу барысы туралы жарияланымдарды жүзеге асыруға және басқа ақпараттық материалдарды шығаруға құқылы.

## 8 ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1 Өтінім беруші Грант алушының Шартта көзделген міндеттемелері мен кепілдіктері бойынша Қор алдында ортақ жауапкершілікте болады, ал Грант алушы Шартты бұзған жағдайда, Қор кез келген уақытта Өтінім берушіден Грант алушының бұзылған міндеттемесін орындауды талап етуге құқылы;

8.2 Грант алушы гранттың ақшалай сомаларын нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, Грант алушы Қордың талабы бойынша гранттың аударылған сомасының 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл нысанында тұрақсыздық айыбын төлей отырып, Қордың тиісті талабында көрсетілген мерзімдерде гранттың барлық алынған сомаларын қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті;

8.3 Грант алушы немесе оның құрылтайшылары немесе түпкілікті бенефициарлары тартқан қызметкерлердің немесе басқа тұлғалардың Жобаны жүзеге асырумен тікелей байланысты заңсыз әрекеттерді жасағаны, оның ішінде Грант ақшасын жымқырғаны немесе мақсатсыз пайдаланғаны

анықталған жағдайда, білініп жасалған жалған немесе жалған құжаттар мен ақпаратты ұсыну, Грантты алу немесе сақтау мақсатында Қорды жаңылыстыру, Қор Жобаны тоқтатуға және Гранттың барлық аударылған қаражатын, сондай-ақ алынған Грантты заңсыз пайдаланғаны үшін Ұлттық Банктің оған тиесілі барлық сомаларды Қор шотына есепке жатқызу сәтіне дейінгі жобаның әрбір кезеңі үшін орташа жылдық базалық мөлшерлемесі бойынша есептелетін тұрақсыздық айыбының сомасын өндіріп алуға бастамашылық жасайды. Бұл ретте жобаны іске асыруға байланысты емес және Жобаның мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізуге елеулі ықпал етпейтін бұзушылықтар, оның ішінде жалпы сипаттағы әкімшілік құқық бұзушылықтар осы шараны қолдану үшін негіз болып табылмайды.

8.4 Қормен келісілген кейінге қалдыру жағдайларын қоспағанда, Шартта белгіленген Аралық есепті немесе Қорытынды есепті ұсыну мерзімдерін бұзған жағдайда, Қор өндіріп алуға құқылы, ал Грант алушы Қордың талабы бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін грант сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндеттенеді, бұл өсімпұл Аралық есепті ұсыну мерзімі бұзылған жағдайда – тиісті кезеңге арналған грант сомасынан, ал Қорытынды есепті ұсыну мерзімі бұзылған жағдайда – гранттың жалпы сомасынан есептеледі, бірақ кез келген жағдайда грант сомасының 10% (он пайызынан) аспауы тиіс.

8.5 Грант алушы Жобаны іске асыру туралы Есепті ұсыну мерзімін бұзған жағдайда, Қор өндіріп алуға құқылы, ал Грант алушы Қордың талабы бойынша әрбір кешіктірілген күн үшін Грант сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндеттенеді, бұл өсімпұл тиісті кезеңге арналған грант сомасынан есептеледі, бірақ кез келген жағдайда Гранттың жалпы сомасының 10% (он пайызынан) аспауы тиіс.

8.6 Егер Грант алушы өз тарапынан немесе Өтінім беруші тарапынан Шарттың бұзылуын өз бетінше анықтап, бұл туралы Қорға хабарласса және анықталған күннен бастап бір ай ішінде Қорға тиісті растаушы құжаттарды ұсына отырып, бұзушылықты жойса, онда мұндай бұзушылықты жасағаны үшін Шартта көзделген жауапкершілік шаралары Грант алушыға және Өтінім берушіге қолданылмайды.

8.7 Егер Грант қаражаттың пайдалану бағыттары №1 Қосымшада көрсетілмеген мақсаттарға пайдаланылған жағдайда, Грант алушы Қордың талабы қойылған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде Қордың атына алынған Грант сомасының барлығын қайтаруға, сондай-ақ алынған Грант сомасының 5% (бес пайызы) мөлшерінде айыппұл түрінде төлеуге міндеттенеді.

8.8 Егер Грант алушы осы Шарттың 3.6.2-тармағында және 3.6.3-тармағының 3), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерді сақтамаса, Қор өндіріп алуға құқылы, ал Грант алушы Қордың талабы бойынша әрбір кешіктірілген күн үшін гранттың жалпы ақшалай сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді, бірақ кез келген жағдайда айыппұлдың жалпы мөлшері гранттың жалпы ақшалай сомасының 10% (он пайызынан) аспауы тиіс.

8.9 Қор Өтініш берушіге және (немесе) Грант алушыға Жобаны іске асырумен байланысты кез келген мәселелер бойынша, оның ішінде Гранттың қаражатын пайдалану нәтижесінде қасақана немесе байқаусызда (абайсызда) біреуге келтірілген залал үшін қандай да бір талаптар бойынша жауап бермейді.

8.10 Егер Грант алушы 3.6.5-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген электронды шот-фактураны Қорға ұсыну мерзімін бұзса, оның ішінде электронды шот-фактураны қайтарып алуға және қайта ұсынуға байланысты, және бұл Қорға қандай да бір шығындар әкелсе (тікелей немесе жанама), Қор Грант алушыдан осындай шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы, ал Грант алушы Қордың талабы бойынша Қорға осындай шығыстардың расталған сомасын төлеуге міндеттенеді.

## 9 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШАРТТАР

9.1 Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар мынаны растайды: Қор, Грант алушы және Өтінім беруші сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзатын немесе оның бұзылуына ықпал ететін әрекеттерді жасамаған, сондай-ақ мұндай әрекеттерге итермелемеген; қандай да бір адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету мақсатында заңсыз артықшылықтар алу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға жету үшін тікелей

не жанама түрде ешқандай ақшалай қаражат немесе өзге де құндылықтар төлемеген, төлеуді ұсынбаған және төлеуге рұқсат бермеген.

9.2 Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын және Қордың қолданыстағы этика кодексінің ережелерін бұзатын іс-әрекеттер ретінде Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада белгіленген әрекеттерді жүзеге асырмайды.

9.3 Грант алушы мен Өтінім беруші Қордың корпоративтік сайтында орналасқан Қордың әдеп кодексімен танысқандықтарын растайды.

9.4 Қор Грант алушыдан және Өтініш берушіден 9.1 және 9.2 тармақтарының орындалуын растайтын ақпаратты сұрауға құқылы.

9.5 Қорда Шарттың қандай да бір ережелерінің бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін екендігі туралы негізгі күмән туындаған жағдайда, Қор Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының және Қордың қолданыстағы әдеп кодексінің ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Грант алушының қызметіне тексеру жүргізуге құқылы.

9.6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері туралы Грант алушы және/немесе Өтінім беруші Қордың комплаенс-офицерінің электрондық поштасына жасырын түрде хабарласа алады: fn-antikor@science-fund.kz.

## 10 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

10.1 Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Грант алушы Жобаны іске асыру барысында міндеттенеді:

10.1.1 Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер, су, орман заңнамаларының, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының, жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану саласындағы, сондай-ақ табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалану саласындағы өзге де Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын (нормаларын, ережелерін, нормативтерін) сақтауды басшылыққа алуға және қамтамасыз етуге міндеттенеді, сонымен қатар санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы экологиялық, санитариялық-гигиеналық және өзге де арнайы талаптардың орындалуын;

10.1.2 электр энергиясын, су ресурстарын және жылу энергиясын беру, бөлу және тұтыну кезеңдерінде энергияны, суды және жылуды үнемдеуді, сондай-ақ энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге;

10.1.3 ресурстарды үнемдеуді, қалпына келтірілмейтін табиғи ресурстар мен өзге де энергия көздерін пайдалану тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге;

10.1.4 қоршаған ортаны қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, ол қоршаған ортаның ластануын болдырмауға бағытталған, мұнда қоршаған ортаның ластануы деп атмосфералық ауада, жер үсті және жер асты суларында,

топырақта немесе жер бетінде ластаушы заттардың, жылудың, шудың, дірілдің, электромагниттік өрістердің, радиацияның және өзге де факторлардың мемлекеттік экологиялық нормативтермен белгіленген шекті мәндерден (концентрациялардан, деңгейлерден) асып кетуі түсініледі, сондай-ақ кез келген түрдегі экологиялық залалды болдырмауды және келтірілген экологиялық залалдың салдарын жоюды қамтамасыз етуге;

10.1.5 қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық тәртіпті нығайтуға (бұл ретте экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде адамның, қоғамның және мемлекеттің қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпалдардың нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғалған жағдайы ретінде түсініледі);

10.1.6 өз қызметінің нәтижелерінің қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының климаты мен биологиялық алуантүрлілігін сақтау бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдауға;

10.1.7 Жоба командасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық тәуекелдерді азайту, экологиялық менеджмент жүйесін және өндірістік көрсеткіштерді жақсарту жөніндегі қызметке тартылуына жәрдемдесуге;

10.1.8 Қазақстан Республикасының экологиялық саясатын іске асыруды Жобаны жүзеге асыру кезінде тартылған үшінші тұлғалардың қызметтерін төлеуге арналған шарттарда тиісті талаптарды бекіту арқылы қамтамасыз етуге.

10.1.9 өзінің экологиялық қауіпсіз қызметіне мүдделі қоғаммен, мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғам институттарымен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға.

## 11 КЕПІЛДІКТЕР МЕН РАСТАМАЛАР

11.1 Өтінім беруші мен Грант алушы осы арқылы өздерінің құрылтайшылардың (бенефициарлық меншік иелерінің) атынан тиісті өкілеттіктермен қамтамасыз етілгенін растайды, сондай-ақ Шарт жасалған күнге және Шартқа сәйкес әрбір транш берілген күнге:

11.1.1 Грант алушы қолданылатын заңнамаға және өз құрылтай құжаттарына сәйкес тиісті түрде құрылған және өз қызметін жүзеге асырып отырғанын;

11.1.2 Олардың әрқайсысы үшін Шартты жасасу және орындау, сондай-ақ Шарттың кез келген ережесі олар қабылдаған міндеттемелерді, заңнаманың талаптарын, сот шешімдерін, бұйрықтарды немесе олардың қызметін реттейтін құрылтай немесе өзге де құжаттардың ережелерін бұзуға әкеп соқпайтынын;

11.1.3 Олардың әрқайсысына, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне және түпкілікті бенефициарларына (қолданылатын жағдайларда) қатысты әрекет етуші немесе орындалмаған елеулі даулардың жоқ екенін;

11.1.4 Әрқайсысына және Жобаға қатысты Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған барлық құжаттар шынайы, жарамды, өзекті және толық ақпаратты қамтитынын растағанын куәландырады және кепілдік береді;

11.1.5 Олардың әрқайсысы Қордың ресми интернет-ресурсында science-fund.kz орналастырылған, қаржыландыру тәртібін және ғылыми (ғылыми-техникалық) қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған БҚНПТ реттейтін Қордың нормативтік құқықтық актілерімен және ішкі нормативтік құжаттарымен танысқан.

## 12 ШАРТТЫ БҰЗУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

**12.1 Қор келесі жағдайлардың кез келгені орын алған кезде осы Шартты біржақты**

тәртіппен бұзудан бас тартуға құқылы:

12.1.1 құжаттардың қолдан жасалғаны (жалған құжат, бұрмалау) фактісінің анықталуы, жалған ақпараттың берілуі, Шарт бойынша жоспарланған іс-шаралардың орындалмауы;

12.1.2 Грант алушының Шарттың 9-бабында көзделген ережелерді бұзуы;

12.1.3 Грант алушы Шартқа сәйкес Қорға ұсынылуы тиіс есептердің кез келгенін белгіленген мерзімде ұсынбаған және мұндай бұзушылық Қор хабарлама жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жойылмаған жағдай;

12.1.4 1 қосымшада белгіленге қоса қаржыландырудың ең төменгі көрсеткіші орындалмаған немесе толық орындалмаған жағдайда және осы бұзушылық Қор хабарлама жіберген күннен бастап Гранталушымен 10 (он) жұмыс күні ішінде жойылмаған жағдайда;

12.1.5 Жоба тобының құрамы Қордың тиісті келісімінсіз өзгертілген болса;

12.1.6 Грант алушыға қатысты (i) Грант алушыны банкрот деп тану жөніндегі іс жүргізудің басталуы немесе бастауға негіздердің болуы, (ii) оңалту рәсімінің енгізілуі, (iii) Грант алушыны тарату рәсімінің басталуы, (iv) Грант есебінен немесе Грант алушының өзге де елеулі мүлкі есебінен сатып алынған мүлікке тыйым салу туралы іс жүргізудің басталуы немесе негіздердің болуы;

12.1.7 Грант алушының Конкурсқа өтінімде көрсетілген ғылыми (ғылыми-техникалық) қызмет нәтижелеріне және (немесе) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың Шартта көзделген мерзімде берілмеуі немесе Грант алушының олар бойынша құқықтарын жоғалтуы;

12.1.8 Жобаны қосарлы қаржыландыру фактісінің анықталып, Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен расталуы;

12.1.9 Ұлттық ғылыми кеңес немесе Қазақстан Республикасының соты Жобаны қаржыландыруды тоқтату немесе Шартты бұзу туралы шешім қабылдаған жағдай;

12.1.10 уәкілетті орган тарапынан Жобаны қаржыландыруға арналған қаражаттың тоқтатылуына/қысқаруына немесе Ұлттық ғылыми кеңестің тиісті бағыт бойынша шешімінің негізінде Қордың атқарушы органы қабылдаған актілерге, шешімдерге, өкімдерге сәйкес Жобаны немесе жалпы қаржыландыруды тоқтату не қысқарту жағдайында Жобаны қаржыландыру үшін жеткілікті ақша қаражатының болмауы;

12.1.11 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар болғанда.

12.2 Қор Шарттан біржақты тәртіппен бас тартқан жағдайда (осы Шарттың 12.1-тармағында көрсетілгендей), Шарт Қордың біржақты бас тарту туралы хабарламасында көрсетілген күні бұзылған болып есептеледі.

12.3 Осы Шарт соттың және (немесе) Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі бойынша немесе осы Шартта көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда бұзылуы мүмкін.

12.4 Шарттың 12.1.1–12.1.10 және 12.1.12 тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша Шарттан бас тарту нәтижесінде Шарт бұзылған жағдайда, Грант алушы бұрын алынған Грант сомасын және Шартта көзделген айыппұлдар мен өсімпұлдарды Қордың жазбаша талабы берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, тараптар қол қойған орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілеріне қарамастан, қайтаруға міндеттенеді.

**13 ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР (ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЛАРЫ)**

13.1 Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай орындалмау соғыс қимылдары, дүлей зілзалалар, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер (егер мұндай ереуілдер, локауттар немесе өзге де оқиғалар Тараптардың бірінің бақылауында болмаса), мемлекеттік органдардың тыйым салушы немесе шектеуші шаралары, сондай-ақ өзге де төтенше және болдырмайтын мән-жайлар сияқты форс-мажорлық жағдайлардың әсерінен туындаған болса. Форс-мажор жағдайларының туындау фактісі құзыретті орган немесе уәкілетті ұйым берген тиісті құжатпен расталуға тиіс.

13.2 Форс-мажор жағдайларының туындауы тиісті түрде расталған жағдайда, Шарт бойынша орындалуына форс-мажор жағдайы кедергі келтірген міндеттемелердің орындалу мерзімі мұндай жағдайдың қолданылу уақытына ұзартылады.

13.3 Форс-мажор Тараптардың немесе олардың өкілдері мен персоналының абайсыздығынан не әдейі жасаған іс-әрекеттерінен туындаған оқиғаларды, сондай-ақ Тараптар осы Шартты жасасу кезінде тиісті ұқыптылық танытқан жағдайда алдын ала болжай алатын және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде алдын алу немесе еңсеру мүмкін болған оқиғаларды қамтымайды.

13.4 Форс-мажор болып жеткілікті ақша қаражатының болмауы, осы Шартта көзделген төлемдердің орындалмауы, сондай-ақ ұлттық валютаның айырбас бағамының өзгеруі немесе кәсіпкерлік тәуекел болып табылатын жағдайлар саналмайды.

13.5 Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде, осындай жағдайлардың салдарынан Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерін орындауы мүмкін болмай отырған Тарап форс-мажор жағдайларының басталған немесе тоқтатылған сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға (Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігін дәлелдеп және негіздеп) міндетті.

13.6 Егер Қордан форс-мажор жағдайларының туындауы туралы хабарламаға жауап ретінде өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Грант алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды мүмкін болған шегінде

жалғастыруға және форс-мажор жағдайларының әсеріне ұшырамайтын Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуге міндетті.

13.7 Хабарламаның болмауы немесе уақтылы берілмеуі Тарапты форс-мажор жағдайына сілтеме жасау арқылы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату құқығынан айырады, бұдан тек хабарламаның болмауы немесе кешіктірілуі дәл сол форс-мажор жағдайының өзімен тікелей байланысты болған жағдайлар ерекшелік болып табылады.

13.8 Егер Тараптардың міндеттемелерін толық немесе ішінара орындауының мүмкін еместігі екі айдан астам немесе Тараптар жазбаша түрде келіскен өзге мерзім бойы сақталса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуға құқылы.

## 14 ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

14.1 Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндіріледі және реттеледі;

14.2 Тараптар Шартты орындауға байланысты туындайтын даулы мәселелерді, келіспеушіліктерді немесе талаптарды келіссөздер арқылы реттеу үшін барлық шараларды қабылдайды;

14.3 Келіссөздер барысында келісімге қол жеткізілмеген келіспеушіліктер Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады;

14.4 Тараптар мемлекеттік бажды немесе өзге де сот шығындарын Грант қаражаттары есебінен төлеу Грант алушы тарапынан Грантты нысаналы пайдалану талабын бұзу болып табылатынын мойындайды және келіседі.

## 15 ХАБАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ТАЛАПТАР

15.1 Тараптардың кез келген жазбаша хабарламалары немесе талаптары, ескертулері қолма-қол, пошта арқылы немесе электрондық пошта арқылы осы Шарттың 18-бабында көрсетілген мекенжайлар бойынша жіберіледі.

## 16 ШАРТ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

16.1 Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер және (немесе) толықтырулар жазбаша түрде рәсімделіп, Тараптардың уәкілетті өкілдерімен қол қойылған жағдайда ғана жарамды болып табылады;

16.2 Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар міндетті түрде Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ Жобаны орындау үшін іске асырылатын іс-шараларға сәйкес келуі және ҒҒТКН коммерцияландыруға арналған Гранттың жалпы ақшалай сомасынан аспауы тиіс;

16.3 Қажет болған жағдайда Қор осы Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің орындылығын айқындау мақсатында Грант алушыдан қосымша ақпарат сұратуға құқылы. Грант алушы ұсынған ақпарат осы Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің қажеттілігі мен негізділігін толық көлемде көрсетуі, Шарттың нысанасына, Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ Жобаны орындау үшін іске асырылатын іс-шараларға сәйкес келуі тиіс.

## 17 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1 Өтінім беруші мен Грант алушы Қордың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

17.2 Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін, не болмаса 12-бапта көзделген тәртіппен Шарттың мерзімінен бұрын бұзылған жағдайында — оның мерзімінен бұрын бұзылған күніне дейін әрекет етеді.

17.3 Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде [үш]/[екі] дана етіп жасалды, барлық даналары бірдей заңды күшке ие және әр Тарапқа бір данадан беріледі.

## 18 ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

**Қор:**
«Ғылым қоры» Акционерлік қоғамы
Мекен-жай: Астана қ., Тәуелсіздік д-ғы 41, 4 қабат
БСН 061140001887
ЖСК ______________________
Кбе 16
«Қазақстан халық банкі» АҚ
ЖСК HSBKKZKX
info@science-fund.kz.
Басқарма төрағасы
Қолы_________ Т.А.Ә.

**Өтінім беруші:**
Заңды тұлғаның мекен жайы:
Заңды мекен жай:
Нақты мекен жай:
ЖСН
ЖСК
Лауазым

Қолы: ___________ Т.А.Ә.

**Грант алушы:**
Заңды тұлғаның мекен жайы:
Заңды мекен жай:
Нақты мекен жай:
ЖСН
ЖСК
Лауазым
Қолы: ___________ Т.А.Ә.

***Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы Шартқа №1 Қосымша «» ______ 202 ж. №____***

| *№* | *ЖОБА ПАРАМЕТРІ* | *НАҚТЫЛАУ* |
|---|---|---|
| 1 | ***ЖАЛПЫ ДЕРЕКТЕР*** | |
| 1.1 | Жоба атауы | [*Жоба атауын көрсету*] |
| 1.2 | Жоба мақсаты | [*Жоба мақсатын көрсету*] |
| 1.3 | Грант сомасы | Гранттың жалпы сомасы [гранттың жалпы сомасын көрсетіңіз] ([гранттың жалпы сомасын жазбаша көрсетіңіз]) теңге, оның ішінде ҚҚС.<br>2026 жылға арналған сома [соманы көрсетіңіз] ([соманы жазбаша көрсетіңіз]) теңге, оның ішінде ҚҚС; 2027 жылға арналған сома [соманы көрсетіңіз] ([соманы жазбаша көрсетіңіз]) теңге, оның ішінде ҚҚС; 2028 жылға арналған сома |

| | | |
|---|---|---|
| | | [соманы көрсетіңіз] ([соманы жазбаша көрсетіңіз]) теңге, оның ішінде ҚҚС |
| 1.4 | Жобаның іске асыру мерзімі | **Шарт жасалған күннен бастап [ай санын көрсетіңіз] ай мерзім, соның ішінде[10]:** **I кезең – [кезеңнің басталу күнін көрсетіңіз] бастап [кезеңнің аяқталу күнін көрсетіңіз] дейін,** **II кезең – [кезеңнің басталу күнін көрсетіңіз] бастап [кезеңнің аяқталу күнін көрсетіңіз] дейін,** **III кезең – [кезеңнің басталу күнін көрсетіңіз] бастап [кезеңнің аяқталу күнін көрсетіңіз] дейін** |
| 1.5 | Қоса қаржыландыру үшін банк шоты | [қоса қаржыландыру үшін шоттың ИИК, банк және БИК деректерін көрсетіңіз] |
| 1.6 | Рұқсат етілген шоттар | [Қаржыландыру мен Грант қаражаттарын жұмсау үшін пайдаланылатын Грант алушының банк шоттарының ИИК, банк және БИК деректерін көрсетіңіз] |
| 2 | **Жобаның ең төменгі талап етілетін көрсеткіштері** | |
| 2.1 | Жобаны іске асырудан алынған жиынтық кіріс Жобаны аяқтау күніне қарай | Грант сомасының кемінде 15% (он бес пайызы) |
| 2.2 | Қоса қаржыландыру сомасы | Жобаның әрбір кезеңі бойынша сұратылған транш сомасының кемінде [25/30/45][11] % |
| 3 | Негізгі тиімділік көрсеткіштері | |
| 3.1 | [Ұлттық ғылыми кеңес мақұлдаған өтінімге сәйкес көрсеткішті көрсетіңіз] | **[Ұлттық ғылыми кеңес мақұлдаған өтінімге сәйкес көрсеткіштің сандық мәнін көрсетіңіз]** |
| | [●] | [●] |

**Қор:**
**«Ғылым қоры» акционерлік қоғамы**
**[Т.А.Ә. көрсетіңіз] [лауазымын көрсетіңіз]**

**Қолы:____________________**

**Өтінім беруші:**
**[Т.А.Ә. көрсетіңіз]**
**[лауазымын көрсетіңіз]**
**Қолы:______________**

[10] Кезеңдердің саны конкурс жеңімпазының конкурс өтініміне сәйкес көрсетіледі.
[11] Кемінде 25% – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, сондай-ақ акцияларының/үлестерінің 50 және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі, ғылыми және (немесе)

**Гранталушы:**
**[Т.А.Ә. көрсетіңіз]**
**[лауазымын көрсетіңіз]**
**Қолы:_____________________**

***Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы Шартқа №2 Қосымша «» ______ 202 ж. №___***

**КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР**

**№ ЖТН_______________**
**Жоба атауы: «_____________________________________»**

| Этап № | № мероприятия | Іс-шаралардың атауы | Басталуы (айы, жылы) | Аяқталуы (айы, жылы) | Күтілетін нәтиже | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| I | 1.1 | | | | | |
| | 1.2 | | | | | |
| | 1.3 | | | | | |
| | 1.4 | | | | | |
| | 1.5 | | | | | |
| | 1.6 | | | | | |
| | 1.7 | | | | | |
| II | 2.1 | | | | | |
| | 2.2 | | | | | |
| | 2.3 | | | | | |
| | 2.4 | | | | | |
| | 2.5 | | | | | |
| | 2.6 | | | | | |
| | 2.7 | | | | | |
| | 2.8 | | | | | |
| | 2.9 | | | | | |
| | 2.10 | | | | | |
| | 2.11 | | | | | |
| | 2.12 | | | | | |
| III | 3.1 | | | | | |
| | 3.2 | | | | | |
| | 3.3 | | | | | |
| | 3.4 | | | | | |
| | 3.5 | | | | | |
| | 3.6 | | | | | |
| | 3.7 | | | | | |
| | 3.8 | | | | | |

**Қор:** **«Ғылым қоры» акционерлік қоғамы**

**[Т.А.Ә. көрсетіңіз] [лауазымын көрсетіңіз]**

**Қолы:____________________**
**Өтінім беруші:**

**Гранталушы:**
**[атауын көрсетіңіз]**
**[Т.А.Ә. көрсетіңіз]**
**[лауазымын көрсетіңіз]**
**Қолы:_________________**

**[атауын көрсетіңіз]**
**[Т.А.Ә. көрсетіңіз]**
**[лауазымын көрсетіңіз]**
**Қолы:_________________**

***Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы Шартқа №3 Қосымша «» ______ 202 ж. №____***

## ШЫҒЫНДАР СМЕТАСЫ

№ ЖТН______________

Жоба атауы: «____________________________________»

| № | Шығындардың атауы | Сома | Транш (жоба кезеңдері бойынша, сомасын көрсету) | | | Қаржыландыру көзі (грант және/немесе қоса қаржыландыру) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 | 2 | 3 | |
| 1 | Штат кестесіне сәйкес еңбекақы қоры | | | | | Грант |
| | | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Жиыны |
| 2 | Жабдықтар мен(немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу | | | | | Грант |
| | | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Жиыны |
| 3 | Өндірістік үй-жайларды дайындау | | | | | Грант |
| | | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Жиыны |
| 4 | Шығыс материалдарын және құрағыштарды сатып алу | | | | | Грант |
| | | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Жиыны |
| 5 | Үшінші тұлғалардың қызметтеріне және (немесе) жұмысына ақы төлеу | | | | | Грант |
| | | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Жиыны |
| 6 | Өндірістік алаңдарды, үй-жайларды және жабдықтарды жалға алу | | | | | Грант |
| | | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Жиыны |
| 7 | Зияткерлік меншікті қорғау | | | | | Грант |
| | | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Жиыны |
| 8 | Іссапар шығыстары | | | | | Грант |
| 9 | Өнімді және (немесе) көрсетілетін қызметті нарыққа ілгерілету бойынша шығындар | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Софинансирование |
| | | | | | | Грант |
| 10 | | | | | | Қоса қаржыландыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Салықтық міндеттемелер және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер | | | | | Жиыны |
| | | | | | | Грант |
| 11 | Операциялық шығыстар | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | | | | | | Жиыны |
| | | | | | | Грант |
| 12 | Басқа да қоса қаржыландырылатын шығыстар | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | Грант жиыны: | | | | | Жиыны |
| | Қоса қаржыландыру жиыны: | | | | | Қоса қаржыландыру |
| | Жиыны: | | | | | Грант |

**Қор:**
**«Ғылым қоры» акционерлік қоғамы**
**[Т.А.Ә. көрсетіңіз]**
**[лауазымын көрсетіңіз]**
**Қолы:____________**

**Өтінім беруші:**
**[атауын көрсетіңіз]**
**[Т.А.Ә. көрсетіңіз]**
**[лауазымын көрсетіңіз]**
**Қолы:__________________**

**Гранталушы:**
**[атауын көрсетіңіз]**
**[Т.А.Ә. көрсетіңіз]**
**[лауазымын көрсетіңіз]**
**Қолы:__________________**

***Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы Шартқа №4 Қосымша «» ______ 202 ж. №____***

**«_» ___________ 20__ жылдағы жағдай бойынша ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

1. **Грант алушының атауы:**
2. **Жобаның нөмірі мен атауы:**
3. **Шарттың нөмірі мен күні:**

**1 кесте.** Жоба көрсеткіштерінің орындалуы.

| № п/п | Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | Есепті жыл | | Бүкіл кезең ішінде | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жоспар | Факт | Жоспар | Факт |
| 1 | Грант қаражатын аудару | теңге | | | | |
| 2 | Қоса қаржыландыру қаражатын игеру | теңге | | | | |
| 3 | Өткізілген өнімнің (көрсетілген қызметтердің) жалпы көлемі | теңге | | | 15% | |

2 кесте. Жобаның негізгі көрсеткіштерінің орындалуы.

| № п/п | Көрсеткіш | Жоспар | Факт |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |

3 кесте. **Өндірілген өнім көлемі.**

| № п/п | Өнім түрі | Өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер саны | Өнімдердегі, жұмыстар мен қызметтердегі қазақстандық қамту үлесі (%) | Өткізілетін өнім, көрсетілетін қызметтер көлемі (теңге) | | | Өнімдер бойынша салықтық түсімдер көлемі (теңге) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Барлығы | Ішкі нарықта | Экспортқа | Барлығы | Грант бойынша | сатылымнан |
| 1 | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | |

4 кесте. Есеп күніне жобаның жалпы көрсеткіштері.

| № п/п | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | Жұмыс орны саны | жері | |
| 2 | Қорғау құжаты | Дана | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Лицензиялық келісім | | дана | |
| 4 | Ғалымдарға төленетін авторлық сыйақы (роялти) | | тенге | |
| 5 | Жалақы | Жобаның барлық мүшелеріне | тенге | |
| | | Оның ішінде ғалымдарға | тенге | |
| 6 | Негізгі құралдарды сатып алу | | тенге | |
| 7 | Салықтық аударымдардың көлемі | Грант бойынша | тенге | |
| | | Барлығы (сатылымды қосқанда) | тенге | |